

Альтанова Д.Ж.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының магистранты

### СИНТАКСИСТІК СИНОНИМДЕР МЕН СИНТАКСИСТІК ВАРИАНТТАР

Синтаксис аясында синонимдердің болатыны сияқты, варианттар да болады. Бұл екеуінің арасындағы қарым-қатынастар туралы сөз қозғау, сайып келгенде, олардың табиғаты, өзіндік ерекшеліктері мен бір-біріне ұқсастықтары туралы сөз қозғау болып шығады. Синонимдер жайлы бұған дейін бір шама әңгімеленгендігі себепті, енді синтаксистік варианттар жөнінде пікір білдірудің реті бар.

Синтаксистік варианттарға қатысты әр түрлі түсінік орын алып отыр. Зерттеушілердің қай-қайсысы болса да синонимдер тәрізді, варианттардың да, ілгері де айтылғандай, параллелизмдердің бір түрі екенін мойындайды.

Бір байқалатын жай – варианттың ұғымын кең мағынада, тар мағынада да түсінушілік кездесіп отырады. Кең мағынада түсінетіндер: «параллелизмнің синонимдерден басқа, әйтеуір орын ауыстыруға келетін түрлерін варианттар» – деп атайды. Ал тар мағынада түсінетіндер варианттар мен тепеңдіктерді немесе альтернат, яғни дублеттерді ажыратуға тырысады. Біреулері бұлай болуының себебін; шартын көрсетеді де, кейбіреулері тек мысал келтірумен шектеледі.

Қазіргі түркі тілдеріндегі синтаксистік синонимдер мен синтаксистік варианттардың арақатынасы туралы мәселенің беті ашылмаған. Татар тілінің маманы С.Ибраһимов синтаксистік варианттардың қатарын ажырататын конструкциялардың тіркесу, байланысу түрлері арқылы ажыратылатындығын, мазмұны бірдей болатындығын атап көрсетеді: «Синтаксистік параллельдер термині синонимдерге қарағанда кең ұғымда қолданылады. Синтаксистік синоним үшін керекті белгілер синтаксистік параллельдер ішінен табылады.

Синтаксистік вариант термині мүлдем басқа ұғымды білдіруге қолданылады. Синтаксистік вариант деп аталатын конструкциялар тіркесуі, байланысу түрлері арқылы ажыратылмайды, бірдей болып келеді». Келтірілген мысалдар теориялық пікірді растайды.

Бұл саладағы синонимдер мен варианттардың ұқсастығына келетін болсақ, екеуіне де ортақ принциптер бар екенін байқау қиын емес. Синтаксистік ситуация, демек, синтаксистік позицияның ұқсастығы екеуінде де бар. *Қаладан шықты – қала маңынан шықты – қалажақтан шықты* мысалдарынан, жалпы алғанда, синтаксистік параллелизмді көреміз. Бұл параллелизм ішінде синоним де, вариант та көзге түседі. *Қаладан шықты* мен *қала маңынан шықты*-ны параллелизм деп қарасақ, *қаладан шықты* мен *қалажақтан шықты*ны да синоним деп білеміз. Ал *қала маңынан шықты* мен *қала жақтан шықты* вариант деп есептеледі.

Екеуіне тән тағы бір белгі трансформациялық пен орын алмасушылық болып табылады. Өлгі мысалдардың ыңғайында да сол аңғарылады, яғни синонимдік қатар жасап тұрған конструкциялар болсын, варианттық қатар жасап тұрған конструкциялар болсын – қай-қайсысыда бір-бірімен орын ауыстыруға немесе олардан трансформация жасауға мүмкіндік мол.

Мұндай жағдайды сөз тіркестері емес, сөйлемдердің табиғатынан да тануға болады. *Алтын қылыштан құраған үйіңкі артық – Құраған үйеңкі алтын қылыштан артық; Тегінде, біреуді жамандағанда да барды-жоқты үйіп-төге бермей, шектен шықпаған жән зой – Тегінде, біреуді жамандағанда да шектен шықпай, барды-жоқты үйіп-төге бермеген жән зой.*

Сөйлемдердің варианттығына, сөз тіркестеріне қарағанда, осындай өзгешелігі бар, яғни негізгі нысана-вариантта ешбір мағыналық өзгерістің, айырманың болмауы, сөйлем ішіндегі сөздердің орнын алмастыру синонимнің белгісі бола алмайды да, тек вариант жасаудың бір амалы болып қалады. Ал сөз тіркестері варианттарында бұлай етудің қисыны жоқ.. Себебі тіркесінің мазмұны мүлдем өзгеріске ұшырап, басқа сөз тіркесі болып кетеді. Мысалы: *үйге дейін ғана жүрді* мен *үйге шейін ғана жүрді* – вариант, ал *үйге дейін ғана жүрді мен жүргені* – *үйге ғана өзара* вариант бола алмақ емес: біріншіден, екі мазмұндағы сөз тіркестері; екіншіден, түрі (типi) жағынан да сөз тіркестерінің екі түріне (алдыңғысы – етістік сөз тіркесі де, екіншісі – есімді сөз тіркесі) жатады. Сондықтан бұл екеуі вариант түгіл, параллелизм де емес деп есептеу керек. Әлгі вариант жасаған алғашқы конструкциялардан трансформациялар қылы синонимдік қатар құруға да мүмкіндік туады: *Алтын қылыштанқурағанүйеңкі артық* – *Алтын қылышпен салыстырғанда, құраған үйеңкі артық. Тегінде, біреуді жамандағанда да барды-жоқты үйіп-төге бермей, шектен шықпаған жөн* – *Тегінде, біреуді жамандаған екенсің, сонда да барды-жоқты үйіп-төге бермей, шектен шықпаған жөн*. Сөз тіркестеріндегі сияқты, сөйлемдердің варианттары мен синонимдерін де детрансформация жасап, сөздердің орындарын алмастырудың қисыны келебереді. Сөйлемдегі сөздердің орын алмастыруын кейбір зерттеушілер варианттықтың бір көрінісі деп, дұрыс атап көрсетеді.

Синтаксистік синоним де қажетті көмекші сөздер мен қосымшалар вариантта дақызмететеді: *кітап оқыды кітапты оқыды; ауылдың маңында жүр – ауылдың қасында жүр – ауылдың төңірегінде жүр; институтқа дейін келді – институтқа шейін келді т.с.с.*

Синтаксистік синонимдегі сияқты, синтаксистік вариантта да интона-

цияның белгілі дәрежеде қызметі бар. *Сен бүгін көп жұмыс тындырдың ғой* деген сөйлем интонация арқылы әр алуан жай-күйде айтуға болады: бірі жай хабар жеткізу түрінде болса, енді бірде кекесінді мағынада, үшінші жағдайда ризашылық сезіммен айтудың жолдары бар. Солардың қай-қайсысында да бұл – хабарлы сөйлем күйінде қалады да, әр түрлі модель аралық мағына бермей, модель ішіндегі құбылыс болып, синонимдік дәрежеге жетпейді. Сөйтіп, вариант қалпын сақтайды. Сұраулы сөйлемнің де, лепті сөйлемнің де ез ішіндегі жайларын солай қарауға болады.

Ілгеріде аталған ұқсастықтарынан синтаксистік синонимдер мен синтаксистік варианттардың арасындағы айырмашылықтар да келіп шығады. Нақтырақ айтқанда, сырттай қаншалықты ұқсастықтары болғанымен, қандай көрсеткіштер арқылы (септік жалғау, көмекші сөздер, жалғаулықтар) жасалса да, ол конструкциялар өзара синоним болмай, вариант деп танылу үшін «негізгі лингвистикалық мағынаны өзгеріске түсірмеулері керек». Демек, осы басты принцип естен шықпағанда, синоним мен варианттың арасындағы өзгешелікті айыра білуге мүмкіндік туады.

И.Ұйықбаевтың «Синтаксистік варианттар» деген мақаласының аталуынан-ақ синонимдер емес, варианттар ғана сөз болуға тиіс, синтаксистік синонимдермен арақатынас жағына көңіл бөлініп, әсіресе варианттардың ерекшелігі даралануға тиіс деп ойлауымыз заңды. Рас, *қайтып келді – қайра келді – қайрадан келді – қайтадан келді; жол шекті – жол кешті; келер жылы – келесі жылы; жөнелді-жөнелді* тәрізді жеке сөздер мен тіркестердің қатынасы варианттар болар, бірақ *белесті өтті – белестен өтті; машинаны мінді – машинаға мінді; телефоннан сөйлесті – телефонмен сөйлесті; далаға қалдыру – далада қалдыру* сияқты конструкцияларды синтаксистік варианттар деуге нендей негіз бар екені түсініксіз.

Біздіңше, бұлар – синтаксистік синонимнің мысалдары. Олай болатынын айтып, дәлелдеп жату бұдан бұрынғы осы мәселеге қатысты пікірлерді түгелдей қайталап шығу болар еді.

*Қағазыңыз бар ма? – Қағазыңыз бар шығар? – Қағазыңыз бар, ә? тәрізді сөйлемдердің қатынасы – тағы синонимдік қатынас. Сондай-ақ Алтыншаш па едің? – Алтыншашпысың?* да грамматикалық синоним болады. Қай қырынан алып қарағанда да, синтаксистік синоним құрайтын конструкциялардың арасында нәзік мағыналық айырмашылық сезіліп тұратыны белгілі. Бұл – олардың (синтаксистік синонимдердің) басты белгісі. Ал варианттарға келетін болсақ, «олар ешбір ерекшеліктермен дараланбайды десе де болады, айырмашылық болғанның өзінде, ол айырмашылық болар болмас семантикалық немесе стилистикалық реңкке байланысты келіп отырады».

Бұл келтірілген пікір, әрине, фразеологиялық варианттар туралы ойдың түйіні. Бірақ, вариант тілдік фактор болғандықтан, сол тілдің қай саласында болса да, оның жалпы сипаттамасы ұқсас болып қалуға тиіс. Айталық, синоним дегенде – ол – лексикалық құбылыс болса да, ол үшін басты белгі болып мағыналық жуықтық сақталатыны мәлім. Дәл осындай принципті (тілдің әр саласына ортақ принципті) антоним, омоним жайында да айтуға негіз бар. Еңдеше, синтаксис саласында да синонимдердің варианттардан басты айырмашылығы – соңғылары (варианттар) сол конструкциялардың синтаксистік мағынаға өзгеріс енгізбеулері тиіс, яғни өзара вариант деп есептелетін сөз тіркестері немесе сөйлемдердің бір-бірінен мағыналық немесе стилистикалық жағынан көзге түсетін айырмашылықтары болмаса керек.

Автордың мысалдарының негізгі арқау етіп отырған мәселесіне қатыссыз көрінетіні өкінішті. Мәселен, *ұрсу – жекіру; сол себепті – сондықтан* сияқтылар тап-таза лексикалық синонимдер екені көпшілікке көптен түсінікті емес

пе? Сондай-ақ *ит терісін басына қаттау – жер-жебіріне жету – жерден алып, жерден салу* тәрізділер – күмәнсыз фразеологиялық варианттар да емес.

Тоқ етерін айтқанда, автор варианттар дегеніміз не деген сұраққа жауап бермейді. Мақаланың өз бойынан шығатын қорытынды: әйтеуір, орын алмасуға көнсе, синтаксистік вариант деп есептеледі. Сөйтіп, ол ауысып жатқан лексикалық единица ма, фразеологиялық тіркес пе, синтаксистік конструкция ма, олардың арасындағы мағыналық немесе стилистикалық жағынан көзге ұрып тұратын айырмашылық бар ма, жоқ па – мәселенің бұл жағынан мән берілмейді.

Бір құптарлық жай сол – бұл аталған кемшіліктер ғалымның монографиялық еңбегінде ұшырай қоймайды. Алайда автор *бал ашу – құмалақ салу – карта ашу да; поездға міну – поездға тусу де; өзенді өтті – өзеннен өтті* де синтаксистік варианттар деп сендіруге тырысады. Шындығында, автор лексикалық-фразеологиялық варианттарды синтаксистік варианттармен, екінші жағынан, синтаксистік варианттарды синтаксистік синонимдермен шатыстырып отыр. Бұған қарағанда, С.Ибраһимовтың мысалдары кеп жағдайда көңілден шығып отырады. «Синтаксистік конструкциялардың варианттары дегеніміз белгілі бір мазмұнда әр алуан синтаксистік тәсілдермен жеткізу болып табылады; мұндай тіркестер бір ыңғайлықты білдірудің тәсілдерімен ғана ажыратылады». «Синтаксистік синоним бір-бірінен әрі құрылымдық жағынан, әрі мазмұны жағынан ерекшеленетін синтаксистік модельдерді құрайды... Синтаксистік модельдердің мағыналары бір-біріне жуық келеді, бірақ тепе-тең емес. Модельдің өз ішіндегі өзгерістер, вариант ол модельді басқа модельге айналдыра алмайды. Варианттар синоним деп есептелмейді, өйткені варианттар өзара мағыналары жағынан не тепе-тең болады, не жүйелі грамматикалық мағынаны өзгеріске түсіре алмайды».

Сонымен, тіліміздегі синтаксистік синонимдер мен синтаксистік варианттардың өзара айырмашылықтары мынаған тіреледі:

- Синонимдердің қолданылу аясы белгілі дәрежеде тұрақты, шегі бар болса, варианттар өте жиі өнімді, икемді жұмсалады, демек, синонимдерге қарағанда, варианттардың қолданылу шегі мол.
- Синтаксистік синонимдерге грамматикалық мағына мен грамматикалық модельдің сәл де болса өзгешелігі талап етіледі де, вариантта, керісінше, сол грамматикалық (синтаксистік) мағына мен грамматикалық (синтаксистік) модельдің тепе-теңдігі қажет болып табылады.
- Синтаксистік синонимнен синтаксистік варианттың тағы бір өзгешелігі сол-соңғы да грамматикалық мағына тепе-тең болмағанын өзінде, болар-болмас айырма-

шылық жүйелі грамматикалық (синтаксистік) мағынаға ешқандай өзгеріс туғыза алмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілінің грамматикасы I бөлім Алматы, 1995.
2. Серғалиев М. Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы- Алматы, 1991.
3. Қазақстан жоғары мектебі. 2002.№2.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті 2000. № 6.
5. Серғалиев М.С. Синтаксистік зерттеулер- Алматы, 2004 .

#### Резюме

*В данной статье рассматриваются особенности синтаксических синонимов и синтаксических вариантов в аспекте современного казахского языка.*

#### Conclusion

*The peculiarities of syntactic synonyms and syntactic variants in the aspect of the modern Kazakh Language are revealed in this article.*

**Баулина Е.И.**, старший преподаватель  
Костанайский филиал ГУ «Челябинский государственный университет»

### ОТЗЫВ КАК ФОРМА НЕПОСРЕДСТВЕННОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ

Несмотря на то, что в современном конституционализме «отзыв» — редко встречающийся институт прямой демократии, он имеет существенное значение для непосредственного осуществления населением местного самоуправления.

В XIX столетии институт отзыва должностных лиц был закреплен в конституциях некоторых кантонов Швейцарии, в начале XXв. — в конституциях нескольких штатов США (Орегон, Аризона, Колорадо, Невада, Вашингтон, Мичиган, Канзас и Луизиана). В период с 1920 по 1978 г. отзыв был предусмотрен конституциями еще шести североамериканских штатов (Северная Дакота, Висконсин, Айдахо, Аляска, Монтана, Джорджия). По

крайней мере, еще в 36 штатах институт отзыва существует на окружном и муниципальном уровнях [1]. В XX веке он был предусмотрен конституциями Австрии, Японии, Латвии. Отзыв допускался конституциями всех социалистических стран, а в настоящее время сохранился в основных законах КНР, Вьетнама, Кубы.

В России институт отзыва впервые был закреплен в законодательстве еще в советский период — в 1917 г. Декретом ВЦИК от 23 ноября 1917 года «О праве отзыва делегатов» [2].

В Конституции Российской Федерации, принятой в 1993 г., институт отзыва не упомянут. Однако с середины 90-х годов он стал закрепляться на региональном и муниципальном уров-